



«Спартакиада–2023» қорытындыланды

АМӨЗ - жаңа
мүмкіндіктер алаңы



За ущерб
придется отвечать

БАҒДАРЛАМА

Ағымдағы жылдың тамыз айында Атырау МӨЗ-де «Тағылымдамадан өтуші» бағдарламасы жүзеге аспақ. Тағылымдамадан оқуды 2022-2023 жж. тәмамдаған колледждер мен жоғары оқу орнының түлектері өтеді. Ал өзін-өзі озық көрсете білген түлек зауытта бос орын болғанда тұрақты қызмет орнына орналасуға мүмкіндік алады.

Бір күнтізбелік жыл ішінде 100 тағылымдамадан өтушіні оқыту көзделіп отыр. АМӨЗ талабына сәйкес, түлектер «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Химиялық инжиниринг технологиясы», «Қайта өңдеудің химиялық технологиясы», «Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы», «Технологиялық машиналар мен жабдықтар», «Мұнай және газ өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары», «Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Автоматтандыру және басқару», «БӨА инжиниринг технологиясы» мамандықтарын тәмамдаған болуы шарт. Яғни болашақ мамандар АМӨЗ-де технологиялық қондырғы операторы, технологиялық сорғылар мен компрессорлар машинисі, автоматтандыру және бақылау-өлшеу аспаптары жөніндегі аспапшысы

АМӨЗ – жаңа мүмкіндіктер алаңы



бағытында тағылымдамадан өтетін болады.

Олар өндірістік білімді АМӨЗ-де, ал теориялық білімді АРЕС Training Center базасында меңгереді. Сонымен бірге, өндірістік учаскеде болашақ мамандарды кәсіби даярлау мақсатында тәлімгер тағайындалады. Бастысы, оларға ай сайынғы жалақы, АРЕС Training Center қонақ үйінде тұру, тамақтану мүмкіндігі қарастырылған. Үміткерлер онлайн-тестілеу және өңгімелесу форматында іріктеледі. Олар өз мамандықтарына қатысты пәндер бойынша сауалдарға жауап береді.

– *Зауыт басшылығының ұсынысымен «Тағылымдамадан өтуші» бағдарламасы жүзеге асырылмақ. Бұл түлектердің кәсіби тұрғыда дамуына берілген өте жақсы мүмкіндік. Бағдарлама ұзақтығы тек 12 айды құрайды. Сол уақыт ішінде барлық тапсырманы мінсіз, сәтті орындағандарға тағылымдама курсы бітіргені жөніндегі сертификат табысталады. Бұл сертификат арқылы жас түлек бос орын табылған жағдайда біздің мекемеде, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының өзге де тәуелді ұйымдарында қызметке орналаса алады,* – дейді персоналды басқару бөлім басшысының орынбасары **Орынбасар ИСКАЛИЕВ**.

ЗАУЫТ АРДАГЕРІ

Жарқын күндер жадымызда

Шаңырағының табалдырығын аттағанымыз сол еді алдымыздан күннің шуағындай жарқырап Қалия әжеміз шыға жөнелді. Көре сала «Амансыңдар ма, зауыт жұмысы біркелкі жүріп жатыр ма?» деп бірден сұрақ жаудырды. Осы кезде уақытында зауытта абыроймен еңбек еткен осындай ардагерлердің арқасында қалағанымыздай өмір сүріп жатырғанымызды ұғындым. Қалия ханым бірден зауыт қабырғасында түскен, қазіргі ардагерлермен бас қосудағы естелік суреттерін қуанышпен көрсете бастады. Көп кідірмей ардагерімізбен сұхбат барысына көшкен едік.



– **Қалия ханым, өзіңіз, отбасыңыз жайлы айтып өтіңізші?**

– 1949 жылы өмірге келдім. Балалық шағымның бәрі Атырау мұнай өңдеу зауытының қасында өтті. Отбасымызбен сол жақта тұрдық. Оқушы кезімде қара жұмысқа ерте араласып, үй әктеп, егін егіп, су таситынмын. Біздің бала кезімізде «Ананы жеймін, мынаны киемін» дейтіндей таңдау болған жоқ. Қанағат не екенін ерте ұқтым. Ата-анам қарапайым шаруашылықтың адамдары болды. Әкем зауыттың ауыл шаруашылығы өндірісінде, анам үйдің мал шаруашылығына, егінге араласты. Отбасыда 7 бала боп өстік. Әкем сырқаттанып, дүниеден өткен соң балаларды өсіру анама қиынға соқты. Ол бізді асырау үшін бірнеше шақырым жерді аралап сүт, айран сатушы еді. Анамыздың бізді әлпештеп, еркелетіп

отыратын кезі болмады. Барлығымыз әкемізді көзі тірісінде «Көке» деп атаушы едік. Әкеміздің қалауымен жасы үлкен ағамызды «Әке» деп атайтынбыз. Үлкен ағамыз барлығымызды білімсіз қалмасын деп жан-жаққа оқуға жіберді. Техникалық училищені үздік тәмамдап, Баку қаласына Әзірбайжандық мұнай және химия институтына технолог мамандығына оқуға түстім. Алайда анама көмектесу үшін оқудан қайта келуге тура келді. Кейін Атырау политехникалық колледжінде электр болып оқыдым.

– **Өмірлік ұстанымыңыз қандай?**

– Жас кезде көп жоспарым болатын. Құрбылармен бірге Алматыға көшіп кетуді ойлаушы едім. Анам үнемі «Ол жақта дайын тұрған ештеңе жоқ» деуші еді. Расымен, уақыт өте анамның бұл сөздеріне Алматыға кеткен қыздардың ешбірі

мансаптық жолын құра алмағаны дәлел болды. Әуақытта ананың сөзіне құлақ асу, өзгені сыйлау, біреудің қуанышына қуану, қайғысына қайғыру, көшірмді болу, алғыс айта білу деген қасиеттерді ұстанамын.

– **Қазір отбасыңызда үнемі қолдаушыңыз кім?**

– Бір ұл екі қызым бар. Барлығы шаңырақ көтеріп, немере сүйіп отырмын. Ұлым **Асқар ЕРМЫШЕВ**, қолдаушым. Ол Атырау мұнай өңдеу зауытында қызмет етеді. Әр кез қызметтен келген бойда «Үйдің тірлігіне араласпа» деп қамқорлығын білдіріп, жағдайымды сұрайды. Бірақ шаруаның адамы болған соң ба, әйтеуір гүл егіп, талдарға күтіммен қарағанды жақсы көремін. Балалардың әкесі Рыспай Ермышевпен 50 жыл отастық. Дүниеден өткеніне 3 жыл болды. Онымен Атырау мұнай өңдеу зауытында таныстық. Ол 1967 жылы, мен 1968 жылы қызметке тұрдық. Есімде, ол зауыт есігінің алдында үнемі мені сағаттап күтетін...

– **Алғашқы еңбек жолыңыз есіңізде ме, есте қалған оқиғамен бөлісіңізші?**

– Әрине, мен үшін ұмытылмас сәт. 19-ға толмаған жас маман болып кадр бөліміне кіріп келдім. Кадр бөліміндегі жұмысшының «Жылу электр орталығына жұмысқа кіресің бе» деген сұрағы әлі есімде. Ол кадр бөлімінің басшысы **Владимир ВИКТРОВИЧПЕН** таныстырды. Кейін кадр бөлімінің басшысы **жылу электр орталығының басшысы Николай ВАСИЛЬЕВИЧКЕ** апарды. Ақыр соңында қазандықтар қайнап тұрған жылу электр орталығының технологиялық сорғы машинисі боп қызметке қабылдандым. Қызмет барысында бастығым мені әріптестер арасындағы тілалғышы деуші еді. Сол жылдары зауытта қазақтар аз, ал басқа ұлт өкілдері көп болды. Бастығым қарайған жұмысқа салып, басқалардың көзінше «Вот Калия, берите с нее пример» деп дауыстап айтушы еді. Жылдар өтіп, №1 цехте жұбайымның қасына оператор болып ауыстым. Әріптестермен, бастықтармен өте тату болдым. Әлі күнге дейін әріптесім **Жамал АМАНОВАНЫҢ** туған күніне арнап жазған өлең жолдарын сақтап жүрмін. 1999 жылы орын алған қысқарту кезеңінде зауыттан кетуге мәжбүр болдым. Кейін саудаға

бет бұрдым. 2013-2014 жж. танымал Туррегаге ыдыс дүкенінің менеджері болып, жұмыс сапарымен Израиль, Франция, Москваға барған кездерім болды.

– **Қызметте еңбек еткен жылдары шараларда белсенді болдыңыз ба? Ұнататын хоббиіңіз қандай?**

– Зауытта спорттық шара жиі өтетін. Қыздармен волейбол жүгіру спорттарына қатысып жүлделі орындар алатынбыз. Сол заманда спорттық шарадан тыс конкурстар өткен жоқ. Ал 2018 жылы отбасымызбен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңінің дипломанты атағымен қазіргі **облыс әкімі Серік ШАПКЕНОВ** атынан марапатталдық. Үлгілі отбасы ретінде өңіріміздің телеарналарынан көрініс тауып жүрдік.

– **Зауыттықтарға айтар тілегіңіз бар ма?**

– Алдымен құрметтеп келгендеріңе ризамын. Зауыт бізге ай сайын қаржылай көмек береді. Бұдан бөлек, демалыс орындарына жіберіп, мерекелік шараларда құрмет көрсетеді. Кей жандарға материалдық жағынан көмектесетінін естиміз. Қызметкерлерге айтарым, зауыт басшысының атқаратын жұмысы көзге көрінбегенімен оның ауырталпығы көп. Бүкіл қондырғыларды қадағалау оңай іс емес. Зауыттың апаттық жағдайлары бізге ертеден мәлім. Сондықтан зауыт басшылығына күш-қуат тілеймін. Кезінде зауыттың 70 жылдығында, Қазақстан мұнайына 120 жылдығында т.б. алғыс хаттар алдым. Енді тек зауытқа алғысымды жеткізіп, сәттілік жолдаймын.

Сұхбат соңында әкемізге әңгімеміз жарасқаны ұнады ма, бөлкім, өткен шағын бір есіне түсіріп көңілі жайланды ма, әйтеуір өмірім туралы сұрастырып, алғысы мен ақ батасын қайта-қайта жолдай берді. Сұхбат кезінде ардагердің мойымайтын қайраттылығына қызықтым. Оның көз жанарынан «қызметте емес, жеке өмірінде мәселе орын алса әрдайым есігім ашық» деген сөзінен бауырмалдық қасиетін байқадым. Әрине, адам тағдырының барлық тұстарын бір бетке сыйғызу мүмкін емес. Дей тұрғанмен, уақыт өте парақтың беті сарғайса да, ардагердің айтқан сөздері санамыздың бір шетінде естелік боп қалсын деп дәл осылай жазуды жөн көрдім.

ПЛАН

Переработка и производство в I полугодии

Атырауский нефтеперерабатывающий завод подвел итоги производственной деятельности за I полугодие 2023 года. Согласно данным производственного отдела ТОО «АНПЗ», за январь – июнь на предприятии переработано 2 млн 894 тыс. тонн сырой нефти, что соответствует 101% выполнению производственного плана.

Всего за I полугодие на АНПЗ произведено более 2 млн 574 тыс. тонн товарной продукции, в том числе дизельного топлива – порядка 880 тыс. тонн, автобензинов марок АИ-92, АИ-95, Супер-98 – 810 тыс. тонн, реактивного топлива – более 61 тыс. тонн, сжиженного

газа – 94 тыс. тонн.

План производства бензинов на I полугодие выполнен на 108%, на 102% – дизельного топлива, на 107% – сжиженного газа.

Средняя глубина переработки нефти в I квартале составила 79,8%. Доля

светлых нефтепродуктов от общего объема переработки сырья – почти 64,9%.

Отдельно в июне глубина переработки составила 84,1%. Таким образом, в июне фактически переработано практически 490 тыс. тонн сырья. Производство товарной продукции составило почти 448 тыс. тонн, что на 20 тыс. тонн больше запланированных показателей.

План объема переработки сырья за июнь 2023 г. выполнен на 102%, план производства товарной продукции – на 105%.

ЗАВОД И ЗАВОДЧАНЕ

За ущерб придется отвечать

На Атырауском НПЗ в 2021 году была утверждена программа по управлению и поддержанию технического состояния зданий и помещений, эксплуатируемых структурными подразделениями завода.

Программа нацелена поддержать необходимые социально-бытовые условия для персонала – в соответствии с санитарно-гигиеническими нормами.

– Чтобы обеспечить необходимые для комфортной работы условия нашим сотрудникам, по заданию генерального директора мы провели работу по обследованию и оценке технического состояния 39 объектов. Это поможет нам в проведении мелкого бытового ремонта, также мы сможем поменять поврежденное или утраченное имущество завода. К примеру, станет возможным заменить сантехнику, ручки дверей или окон, провести общестроительные работы в небольших объемах, – говорит Галима ГИЗАТУЛЛИНА, руководи-



тель административного отдела.

В то же время и сотрудники Службы БиОТ, и сотрудники административного отдела регулярно фиксируют факты причинения заводчанами вреда в виде прямого действительного ущерба предприятию, особенно в административно-бытовых корпусах производств.

Отдельно нужно отметить проблему с ланч-боксами: они были закуплены в 2021 году, а сейчас из 330 пищевых термосов в исправном состоянии осталось 150. Чаще всего на них отломаны ручки, не хватает контейнеров. Иногда возвращают контейнеры с подгоревшим дном, хотя в них категорически запрещено подогревать пищу.

В этой связи ответственные службы обращаются к сотрудникам завода с просьбой относиться к имуществу АНПЗ бережно и ответственно.

К слову, эта норма закреплена в должностной инструкции работников и оговорена в трудовом договоре каждого сотрудника завода в разделе 2 п. 2.2 пп. 4, также в разделе 6 п.1 договора прописано, что работник несет ответственность за порчу имущества предприятия в соответствии с трудовым законодательством РК.

В связи с указанными фактами, в данный момент на предприятии прорабатывается вопрос о принятии мер воздействия на виновных в утрате заводского имущества.

НАЗНАЧЕНИЕ



Приказом генерального директора №451-к от 1.07.2023 начальником производства ароматических углеводородов назначен **Демешев Дастанбек Сапарулы**.



Приказом генерального директора №427-к от 01.07.2023 начальником отдела капитального строительства назначен **Нугманов Мухамедияр Кадыралиевич**.



Приказом генерального директора №447-к от 01.07.2023 начальником цеха водопотребления назначен **Ермышев Аскар Рыспаевич**.




Приказом генерального директора №876-к от 05.07.2023 заместителем генерального директора, техническим директором назначен **Лызлов Олег Александрович**.

БАНК ИДЕЙ

Рационализаторство в новом формате

Технический отдел приступает к сбору идей и рационализаторских предложений. Как стать новатором, про условия рационализаторства и о работе системы «Банк идей» заводчанам напоминает заместитель начальника технического отдела по инновационной деятельности Аскар САРСЕМБАЕВ.



Программа рационализаторской деятельности на трех НПЗ впервые начала свою работу в 2012 году.

– Ранее, чтобы зарегистрировать своё рацпредложение оператору или машинисту, к примеру, необходимо было взять бланк подачи заявки у начальни-

ка установки, далее – прописать идею от руки, согласовать её с руководством подразделения. Но до реализации предложения, тем не менее, могло и не дойти в силу разных причин, в том числе из-за утери бумажного варианта проекта. А в 2015 году появился Банк идей

для сбора рацпредложений напрямую от авторов, – рассказывает Аскар Сарсембаев. – В прошлом году платформу усовершенствовали. Нынешняя система позволяет сделать процесс рассмотрения рационализаторских идей и предложений абсолютно понятным и главное – прозрачным. Ранее рационализаторы-операторы, пультовики, машинисты не имели возможности отследить статус своей работы. Сейчас автор рационализаторского предложения в режиме онлайн может наблюдать за своей заявкой. Автор может дополнить её в короткие сроки, если его работа окажется в статусе «на доработку».

Удобным стал процесс рассмотрения и архивации заявок не только для авторов, но и для координатора рационализаторской деятельности, который может проверить полноту заявки, соответствие ее подачи всем требованиям.

– Рационализаторская деятельность сотрудников имеет значение в развитии завода. Ведь заводчане знают предприятие до последнего винтика, понимают его болевые точки и проблемные места. И кто, если не работники АНПЗ, могут положительно влиять на непосредственное улучшение производственного процесса путем более эффективного использования оборудования и материалов, в которых они легко разбираются? – считает А. Сарсембаев.

Было время, когда сотрудники завода подавали наибольшее количество предложений из всех НПЗ, большинство из них были одобрены инновационной комиссией и приняты в работу. Но затем число поданных заявок резко уменьши-

лось, а в 2020 и 2021 годах вообще не было ни одной. В прошлом году, наконец, нефтепереработчики АНПЗ выдали несколько технических решений. Некоторые из них были реализованы сразу же.

Рацпредложение поощряется материально, в зависимости от предложения его автор может получить вознаграждение от 50 тысяч тенге до 100 000 тенге.

Зарегистрировать предложение или идею нужно на сайте <https://idea.kmg.kz>. Если возникнут вопросы по регистрации и работе системы, можно обратиться к координатору проекта на АНПЗ Аскар Сарсембаев.

К слову, многие убеждены, что рационализаторство – это только усовершенствование оборудования, экономия нефтепродукта или предложение о замене техники и материалов на более эффективное и выгодное с финансовой точки зрения и автором рационализаторского предложения может стать только технический специалист, как правило, работающий на «передовой», то есть на производственном объекте. Но это не так: автором идеи может стать каждый сотрудник завода и не всегда в основе должны лежать экономическая составляющая. Если вы придумали, как оптимизировать свое рабочее время, знаете способ, как повысить экологическую и промышленную безопасность, знаете, как сделать планирование и учет материально-технического снабжения совершенными, и готовы поделиться этими идеями с коллегами, то подайте заявку в Банк идей. Возможно, именно ваше предложение получит признание инновационного комитета.

СПАРТАКИАДА

«Спартакиада-2023» қорытындыланды

10-14 шілде аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдар арасында спартакиада өтті. Спартакиада «Маңғыстаумұнайгаз» кәсіпорнының 60 жылдық мерейтойына арналды. Додаға 500-ге жуық қызметкер қатысты. Атырау мұнай өңдеу зауытынан келгендер спорттың 8 түрінен бәсекеге түсті.



АМӨЗ баскетбол командасы – II орын



АМӨЗ волейболдан әйелдер командасы – I орын



АМӨЗ волейболдан ерлер командасы – III орын

Армрестлинг, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, мини-футбол спорттарына қатысқан зауыттықтарға бұл жолы жүлделі орын алу мүмкін болмады. Алдағы уақытта аталған спорт түрлеріне қатысқан спортшылар жүйелі түрде шынығып, келесі жолы жеңіске жетеді деген ойдамыз. Ал спартакиада жеңімпаздарын жеңістерімен құттықтай отырып, алар асуларыңыз көп болсын деген тілек білдіреміз.



Шахматтан I орын – АМӨЗ-дің жабдықтарды жинақтау жөніндегі инженері Гүлнұр ТӨЛЕУОВА



Шахматтан II орын – АМӨЗ-дің технологиялық қондырғы операторы Тұрар ШАЙМАРДАН

ХАБАРЛАНДЫРУ/ОБЪЯВЛЕНИЕ

Құрметті әріптестер!

Өнер иелерін анықтау және қолдау білдіру мақсатында сіздің шығармашылық жұмысыңызды әріптестер арасында көрсету үшін іс-шаралар өткізу мүмкіндігі қарастырылады.

Осыған орай қолөнерге, сурет салуға, поэзияға және шығармашылықтың басқа түрлеріне қызығушылығы бар қызметкерлерден өзіңіз және жеке қызығушылық хоббиіңіз туралы қысқаша деректі A.Kanatayeva@anpz.kz және A.Dimukasheva@anpz.kz Outlook поштысына жіберуіңіз сұралады.

Уважаемые коллеги!

В целях выявления и поддержки талантов на заводе рассматриваются возможности проведения мероприятий с демонстрацией ваших работ среди своих коллег.

В этой связи просим сотрудников, увлекающихся рукоделием, рисованием, поэзией и другими видами творчества, присылать свои данные и короткое описание вашего хобби на [outlook A.Kanatayeva@anpz.kz](mailto:outlook.A.Kanatayeva@anpz.kz) и A.Dimukasheva@anpz.kz.

«НОВАТОР» басылымы №15.
28 шілде 2023 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстова қ-сі, 27/6
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс №15

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш.Кажимжанова.
MEDYAGROUP ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
Редакторлар – И.Козонова,
А.Қанатаева.
Суретке түсіруші - Б. Амантаев.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық ақпарат
министрлігінде 1992 жылғы
27 мамырда тіркеліп,
тіркеу туралы
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР